

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу



Халықаралық дау - қандай да бір мемлекеттердің арақатынастарында реттелмеген мәселелердің, алауыздықтың болуы, халықаралық өмірдегі түрлі проблемалар бойынша келісе алмаушылық, сондай-ақ халықаралық шарттар, келісімдер және өзге де актілерді талдау негізіндегі қайшылықтардың болуы.

БҰҰ Жарғысында даулар халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретін даулар және қауіп төндірмейтін даулар деп екіге бөлінген.



Дауларды бейбіт жолмен реттеу құралдарының көлемді тізімі БҰҰ Жарғысының 6-тарауында мазмұндалған. БҰҰ Жарғысының 33 бабының 1 бөлігіне сәйкес: “Кез келген дауға қатысушы тараптар, егер дау халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер төндіретін болса, онда дауды ең біріншіден келіссөздер, зерттеулер жүргізу арқылы, жарастырушылық, татуласу, төрелік, сот талқылауы, аймақтық органдарға және келісімдерге жүгіну арқылы немесе өз таңдаулары бойынша басқа да бейбіт құралдар арқылы шешуге тырысулары қажет”.

БҰҰ Жарғысында даулы мәселелерді Бас Ассамблея мен Қауіпсіздік Кеңесінің шешу мүмкіндігі көзделген.



БҰҰ-НЫҢ БАС АССАМБЛЕЯСЫ



БҰҰ-НЫҢ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІ

Халықаралық дау мәселесіне байланысты көп мысалдарды келтіруге болады. Мысалы: Фолькленд соғысы (Ұлыбритания мен Аргентина), Араб-Израиль соғыстары, армян-түрік қарым-қатынасы, түрік-күрд қарым-қатынасы және т.б.





Менахем Бегин, Джимми Картер и Анвар Садат
Кэмп-Дэвиде



Ицхак Рабин и Ясир Арафат пожимают руки, рядом с президентом Биллом Клинтонем, на подписании соглашений в Осло, 13 сентября, 1993 года.

АРАБ-ИЗРАИЛЬ СОҒЫСТАРЫ

Араб-израиль соғыстары — Израиль мен араб елдері арасында, негізінен, 1948 — 49, 1956, 1967, 1973 және 1982 жылдары болған ірі әскери жанжалдар.

1947 ж. 29 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы Палестина терр-нда араб және еврей мемл-терін құру жөнінде шешім қабылдаған күні арабтар мен еврейлер арасында алғашқы қақтығыс өтті. Ол кезде (1947) Палестинада 1,2 млн. араб, 650 мың еврей болды. Палестинадан ағылшын әскерлері әкетілгеннен кейін Израиль мемл-нің құрылғандығы жария етілді (14.5.1948). Оның шекарасы әлі анықталмай тұрып, ертесінде-ақ еврейлер мен арабтар арасында бірінші соғысқа жол ашқан қарулы шайқастар басталып кетті. Израильдің астыртын қарулы күштері арабтар тұратын мекендерге шабуыл жасап, аса қатыгездікпен жүздеген адамдарды қырып салды. Мысыр, Трансиордания, Ирак, Сирия және Ливан әскерлері еврейлерге тиесілі емес оңт. және шығыс Палестинадағы жерлерді басып алды. Израильдықтар Иерусалимге апаратын басты жолға және Мысыр — Палестина шекарасы бойына бақылау орнатты (1949).

ISRAEL WITH THE WEST BANK, GAZA STRIP, AND GOLAN HEIGHTS



Израиль, Западный берег реки Иордан, Сектор Газа и Голанские высоты на карте

ҚАЗАҚСТАН БҰҰ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ТҰРАҚТЫ ЕМЕС МҮШЕСІ БОЛЫП САЙЛАНДЫ

Қазақстан алғаш рет 2017-2018 жылдарға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. БҰҰ-ның негізгі саяси органдарының бірі. Кеңеске халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жауапкершілігі жүктелген. Бұл комитетте халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу жауапкершілігі бар. Енді Қазақстан Республикасы да халықаралық дауларды жаһанды түрде шешуде өз үлесін қосады.



НАЗАРБАЕВ ПЕН ПУТИН АСТАНАДА СИРИЯ ДАҒДАРЫСЫ ЖӨНІНДЕ КЕЗЕКТІ РЕТ КЕЛІССӨЗ ӨТКІЗУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ



Ресей Президенті жаңа ғана аяқталған Женева келіссөздері аясында сириялық оппозицияның әскери құрылымдарының Сириядағы дағдарысты реттеу мәселелеріне арналған кезекті кездесуін биылғы наурыз айының ортасында Астанада өткізуге ниетті екенін айтты. Қазақстан Президенті мұндай келіссөздерді ұйымдастыруға дайын екенімізді мәлімдеді.